**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 желтоқсандағы N 1295 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 желтоқсандағы N 1295 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында:

"2006-2008 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген 5-бөлімде:

2006-2008 жылдарға арналған басымды республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде:

"Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 5-жолда:

4-бағандағы "2005-2007" деген сандар "2005-2008" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағандағы "550000" деген сандар "1362885" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы "335000" деген сандар алынып тасталсын;

9-баған "1147885" деген сандармен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-1-жолмен толықтырылсын:

"10-1 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің машина жасау факультетін және оқу-өндірістік орталығын салу БҒМ 2006 561188 335000";

"Бағдарлама бойынша ЖИЫНЫ" деген жолда:

9-бағандағы "38567852" деген сандар "39715737" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (екінші кезең) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында:

"Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2007-2009 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген 5-бөлімде:

2007-2009 жылдарға арналған басымды республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде:

"Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 5-жолда:

6-бағандағы "365000" деген сандар "30000" деген сандармен ауыстырылсын;

8-бағандағы "812885" деген сандар "1147885" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-1-жолмен толықтырылсын:

"10-1 Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің машина жасау факультетін және оқу-өндірістік орталығын салу БҒМ 2006 561188 335000";

"Бағдарлама бойынша ЖИЫНЫ" деген жолда:

8-бағандағы "32448347" деген сандар "32783347" деген сандармен ауыстырылсын;

3) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысында:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" әкімшісі бойынша:

011 "Білім және ғылым объектілерін салу және қайта жаңарту" бағдарламасы бойынша:

"Алматы қаласында көру қабілетінде проблемалары бар балаларға арналған 250 орындық мектеп-интернат салу 335000" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің машина жасау факультетін және оқу-өндірістік орталығын салу 335000";

4) "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысында:

көрсетілген қаулыға 232- қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"Алматы қаласында көру проблемалары бар балалар үшін 250 орындық мектеп-интернатының құрылысын жалғастыру" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне машина жасау факультетін және оқу-өндірістік орталығын салуға күрделі трансферттер аудару.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК